

**"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына
өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы"**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 17 шілдедегі № 570 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

60-7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"60-7) азаматтық қорғау органдарында байланысты ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді";

мынадай мазмұндағы 140-1) және 140-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"140-1) жоғары әскери, арнаулы оқу орындарына түсуге білім беру жеңілдіктерін алу үшін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді конкурстық іріктеу қағидаларын бекітеді;

140-2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген квоталар шегінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша медициналық, фармацевтикалық және педагогикалық білімнің білім беру бағдарламаларын қоспағанда, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына түсуге білім беру жеңілдіктерін алу үшін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді конкурстық іріктеу қағидаларын бекітеді";

мынадай мазмұндағы 219-2), 219-3), 219-4) және 219-5 тармақшалармен толықтырылсын:

"219-2) өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру туралы актінің нысанын бекітеді;

219-3) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтардың жасалу фактілерін және азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттерін тіркеп-белгілеу үшін техникалық құралдарды пайдалану нұсқаулығын бекітеді;

219-4) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға әкелетін өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптардың тізбесін, сондай-ақ талаптардың нақты бұзылуына қатысты

жедел ден қою шарасының нақты түрін осы шараның қолданылу мерзімін көрсете отырып (қажет болған кезде) айқындайды;

219-5) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде бұзушылықтардың жасалу фактілерін және азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің әрекеттерін тіркеп-белгілеу үшін техникалық құралдарды пайдаланады;"

мынадай мазмұндағы 228-1) тармақшамен толықтырылсын:

"228-1) бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға әкелетін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы талаптардың тізбесін, сондай-ақ талаптардың нақты бұзылуына қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін осы шараның қолданылу мерзімін көрсете отырып (қажет болған кезде) айқындайды;"

мынадай мазмұндағы 295-1) тармақшамен толықтырылсын:

"295-1) мерзімдік тексеру жүргізудің жартыжылдық жоспарының, тексеруді тағайындау, ұзарту, тоқтата тұру және қайта бастау туралы актінің, мемлекеттік органдарға қатысты азаматтық қорғаныс саласындағы тексеру нәтижелері туралы қорытынды нысанын әзірлейді және бекітеді;"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов